

Амангелді жалпы білім беретін мектебінде оқу жылының бірінші педагогикалық кеңесте «Жалпыға білім беру қорынан көмек көрсетуді және ыстық тамақтың ұйымдастырылуын, мектеп буфетінің дайындығы, санитарлық талаптарының орындауы, жұмыс істеу қағидалары туралы» мектептің кәсіподақ ұйымының төрағасы хабарламасы тыңдалады. Мектеп бойынша аз қамтамасыз етілген және күнкөрісі төмен отбасынан шыққан балалар, жетім балалар, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан оқушылар тегін тамақпен қамтылып тізімі бекітілген. Мектебімізде оқушыларға тегін ыстық тамақты ұйымдастыруда жеке кәсіпкер Б.Мукаева жұмыс жасайды. Мектеп оқушыларының асханадан сапалы әрі құнарлы тамақпен қамтылуына байланысты тамақтың сапасын бақылау мониторингін жүргізу комиссиясы құрылды. Тамақ сапасын тексеру бракераждық комиссия құрамы құрылады. Комиссия құрамында 5 адамнан тұрады. Бракераждық комиссия отырысы айына бір рет болып тұрады. Онда тамақтың берілу сапасы, құрамы, тазалығы тексеріліп тұрады. Қамқоршылық кеңес мүшелері бракераждық комиссиямен бірлескен түрде жұмыс жасайды. Жеке кәсіпкер Б.Мукаева, мектеп медбикесі, аспазшы Серикбаева С. буфеттің санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз етілуін бақылап отырылады. Апта сайын берілетін ас мәзірін медбике тексеріп отырады. Ас мәзірі витаминді сорпалар, борщ, кисель, шырын, көкөніс салаттары, бидай ұнынан нан, мәни ботқасы, күріш, алма, үнемі тамаққа тауық еті қосылып дайындалады. Ас мәзірі басым дәрумендер бар тамақтардан дайындалады. Буфетте қажетті құрал-жабдықтар қамтамасыз етілген. Тегін ыстық тамақты ұйымдастыру тиісті іс-шаралар уақытында орындалып, жан-жақты күнделікті бақылау жұмыстары жүргізіліп келеді.

Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың үш жылдық көрсеткіші

Жылдар	Жалпы бала саны	балалар саны
2021-2022	342	62
2022-2023	328	118
2023-2024	337	173

